



Туристік қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі 2000 жылғы 24 наурыздағы N 1-1-2/74. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1116. Күші жойылды - ҚР Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің 2002 жылғы 9 қаңтардағы N 06-2-2/3 бұйрығымен. ~V021729

"Туристік қызметті лицензиялау мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 ақпандағы N 179 P000179_ қаулысына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Туристік қызметті лицензиялау ережесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының туризм және спорт жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 8 ақпандағы N 1-1-2/35 бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.
3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасының

Туризм және спорт жөніндегі
агенттігінің 2000 жылғы
24 наурыздағы N 1-1-2/74
бұйрығымен бекітілген

Туристік қызметті лицензиялау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже заңды және жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының

азаматтарын және шетелдік туристерді Қазақстан Республикасының аумағында қабылдау мен қызмет көрсету, шетелге туристік сапарларды ұйымдастыру, транзиттік туристерге қызмет көрсету және жеке адамдардың гид-аудармашы, нұсқаушы, методист пен топты алып жүруші қызметін көрсету жөніндегі туристік қызметті кәсіпкерлік қызмет ретінде жүзеге асыру құқығына мемлекеттік лицензияларды берудің тәртібін, тіркеу шарттарын және есепке алуды айқындайды.

2. Лицензия берудің шарттары мен тәртібі

2. Туристік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алуға үміткер заңды және жеке тұлғалар (өтініш беруші) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен біліктілік талаптарына (бұдан әрі - біліктілік талаптары) сәйкес болуға міндетті.

3. Шетелдік заңды және жеке тұлғалар, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар, егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, лицензияны Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларымен бірдей шарттар мен тәртіп бойынша алады.

4. Өтініш беруші Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік) мына құжаттарды береді:

- 1) белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) лицензиялық алым төлегені туралы түбіртек;
- 3) өтініш берушінің "Туристік қызметті лицензиялау мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 7 ақпандағы N 179 қаулысымен бекітілген біліктілік талаптарына сай келетіндігін растайтын құжаттар. Өтініш беруші құжаттардағы ақпараттың дұрыстығы, толықтығы және уақтылы берілуі үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

5. Өтініш беруші ұсынған құжаттардағы мәліметтерді тексеру қажет болған жағдайда, лицензия беру туралы шешім тексеру өткізілгеннен кейін, бірақ лицензиар өтінішті тіркеген күннен бастап отыз күннен кешіктірмей, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін он күннен кешіктірмей қабылданады.

6. Лицензия Қазақстан Республикасының "Лицензиялау туралы" Заңында көзделген мерзімде беріледі.

7. Лицензия, егер:

- 1) осы субъекті категориясына туристік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынса;
- 2) осы Ереженің 4-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаса;
- 3) туристік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиялық алым төленбесе;
- 4) өтініш беруші біліктілік талаптарына сай болмаса;
- 5) өтініш берушіге туристік қызметпен айналысуға тыйым салынғаны

жөнінде сот шешімі болса берілмейді. Өтініш беруші лицензия беруден бас тартылған себептерді жойған жағдайда, өтініш жалпы негіздерде қаралады.

8. Егер лицензия осы Ережеде белгіленген мерзімде берілмесе немесе лицензия беруден оны бас тартуды өтініш беруші негізсіз деп таныса, ол бір ай мерзімде Агенттіктің іс-әрекеттеріне сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

9. Лицензия беруден негізсіз бас тартудан немесе лицензиаттың құқығын бұзудан туындаған шығынды өтеу заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

10. Заңды тұлға таратылған, қайта ұйымдастырылған немесе жеке тұлғаның кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені жөніндегі куәліктің күші тоқтатылған жағдайда, оған берілген лицензияның заңды күші жойылады және ол Агенттікке қайтарылуға жатады.

11. Лицензия өз күшін тек мына жағдайларда жояды:

- 1) лицензияның берілген мерзімі аяқталғанда;
- 2) лицензия берілген қызмет толық көлемде жасалғанда;
- 3) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес

лицензия кері қайтарылып алынғанда;

4) азамат кәсіпкерлік қызметін тоқтатқанда, лицензиат - заңды тұлға қайта ұйымдастырылғанда немесе таратылғанда.

12. Заңды тұлға қайта тіркелген кезде лицензия берілген мерзім аяқталғанға дейін күшінде болады.

13. Лицензияны қайта ресімдеу оны алудың белгіленген тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

14. Лицензияның күшін тоқтатуға байланысты даулар сот арқылы шешіледі.

15. Лицензияны басқа заңды және жеке тұлғаларға беруге тыйым салынады.

16. Лицензия сот тәртібімен мына жағдайларда:

- 1) лицензиат лицензиядағы шарттарды орындамағанда;
 - 2) лицензиатқа оның жүзеге асыруына лицензиясы бар қызмет түрімен айналысуға сот тыйым салғанда;
 - 3) лицензия күшін тоқтата тұру себептері жойылмағанда;
 - 4) лицензия алу кезінде лицензиат көрінеу жалған ақпарат бергенде
- қайтарылып алынуы мүмкін.

17. Лицензияның күші оның тоқтатыла тұру себептері жойылғаннан кейін, Агенттік қорытындысының негізінде жаңғыртылады.

18. Лицензиат лицензияны жоғалтқан жағдайда лицензияның дубликатын алуға құқығы бар. Лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша Агенттік он күн көлемінде лицензияның дубликатын береді. Бұл ретте лицензиат туристік

қызметпен айналысу құқығы үшін алым төлейді.

3. Есепке алу және бақылау

19. Агенттік осы Ереженің негізінде берілген лицензиялардың бірыңғай есебін жүргізеді.

20. Әрбір берілген лицензия бойынша Агенттік өтінішпен бірге берілген барлық құжаттар сақталатын қадағалау, іс қағазын жүргізеді.

21. Туристік қызмет субъектілерінің біліктілік талаптарын және белгіленген ережелерді орындалуына бақылауды Агенттік жүргізеді.

22. Агенттік өз құзыреті шеңберінде лицензиаттардан тиісті бақылау функцияларын орындауға қажетті құжаттарды жазбаша немесе ауызша ақпаратты алуға құқылы.

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.